

Сарқан аудандық мәслихатының "Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудін, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 16-64 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жетісу облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 7 маусымдағы № 28-106 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылды 10 маусымда № 223-19 болып тіркелді

Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарқан аудандық мәслихатының "Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудін, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 8 желтоқсандағы № 16-64 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 189842 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудін, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – уәкілетті үйым) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша үйимдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

7-тармақтың 6) тармақшасының бірінші бөлігінде "5 (бес)" саны "7 (жеті)" санына өзгертілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасының м. а.

E. Дармишев